



## БҰЙРЫҚ

30.01.2019

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ 4

город Астана

### 2019 жылы тілдерді дамытуға бағытталған республикалық конкурстар мен олимпиаданы өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 7, 31, 35, 42-тармақтарына сәйкес және 2019 жылы тілдерді дамытуға бағытталған республикалық конкурстар мен олимпиаданы өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Текті сөздің төресі – терме» жыршы-термешілер республикалық конкурсының қағидалары;
- 2) «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсын өткізу қағидалары;
- 3) Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық конкурсының қағидалары;
- 4) Оқушылар арасындағы А.Байтұрсынұлы атындағы республикалық конкурсты өткізу қағидалары;
- 5) «Тілдарын» республикалық олимпиадасын өткізу қағидалары;
- 6) «Тіл шебері - 2019» жас мемлекеттік қызметшілер арасында республикалық конкурсын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Тіл саясаты басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Ғ.С. Мелдешовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға



Қ. Борашев